

## ***Педагог-психологтың жылдық есебі.***

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының педагог- психологы –  
*Имангалиева К.Н.*

**Мақсаты :** тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және балалардың эмоциялық - психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ететін дамытудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптасуында педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсету.

### **Міндеттері:**

- балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру;
- балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау;
- балаларды индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру;
- көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу;
- педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру.

### **Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары**

#### **Психологиялық диагностика.**

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

#### **Психологиялық профилактика**

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

#### **Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.**

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

#### **Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.**

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

#### **Психологиялық білімді көтеру**

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

#### **Журнал:**

- түзету дамыту журналы
- ақыл-кеңестік журналы

### **Балалармен жұмыс**

- балалардың бөбекжайға бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету, жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰІӨ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.
- тәуекел тобы балаларымен жеке жұмыс
- мад тобына арналған психологиялық тренингтер

### **- Ата-аналармен жұмыс**

- «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру;
- «Балаңыз бөбекжайға бейімделді ме? Сауалнама ақыл-кеңес;
- «Ата-ананың өз баласымен қарым-қатынасын зерттеу
- Ата-аналар бұрышына:
- «3 жастағы балалардың дағдарыстары.» ақыл-кеңес
- «Балаңыздың тіл дамуы»;

### **Педагогтармен жұмыс**

- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;
- «жас тәрбиешілерді, мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама;
- тренингтер;
- тәрбиешілердің Ұ.І.Ө-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау-жылдың аяғында топтың «даму деңгейін»анықтау;
- Жас мамандарға арналған психологиялық тренингтер.
- Ұжымдағы психо-әлеуметтік ахуалын анықтау сауалнама
- Атестациядан өтетін педагогтарға ақыл-кеңес беру.
- «педагогикалық қарым-қатынас» сауалнама

### **Жылдық есеп.**

**Мақсаты:** психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

2025-2026 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ:

Жалпы 5 топпен де жұмыс жасалды, оның ішінде зертеу жұмыстар ересек, ма топпен (4,5 жас аралығындағы балалармен) жұмыс жасалды. Жылдық жоспар, жұмыс кестесі және циклограмма құрылды. Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін

калыптастыру, белсенділіктерін арттыру *мақсатында* түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процестерін зерттеу, қарым-қатынас диагностикасы, мінез-құлықерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталып тәуекел тобында жұмыс жүргізілді.

**Ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні мен қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстар**

**Мақсаты:** жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру.

**Қабылдауы төмен:** «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізіледі.

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

**Зейіні төмен:** Адамның сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б. ойын-жаттығулары өткізіледі.

**Есте сақтау қабілеті төмен:** «Жадында сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да, орында!» т.б. ойындар өткізіледі.

**Ойлауы төмен:** «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданады.

«Өнерлі екен оң сасақ» ашық оқу қызметі өткізілді.

**Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар:** «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізіледі.

**Агрессивті мінез-құлықты балалар:** агрессияны тиімді тәсілдермен шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б. ойын-жаттығулар өткізіледі.

Оқу жылдың басында қазан- қараша айларында және оқу жылдың аяғында наурыз- сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процестерін анықталып мониторингі шығарылды. Ортаңғы топ балаларының ойлау қабілеттері жылдың аяғында «орташа» екені анықталды, яғни берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатынын, сөз қоры аздау екенін байқалды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы.

Ата-аналармен «Балаңыз бөбекжайға бейімделді ме?», «Сіз қандай ата-анасыз?» «Ата-ананың өз баласымен қарым-қатынасын зерттеу», «жанұя тәрбиесі», «Тәртіп-мінез-құлықты дұрыс тәрбиелеу», «баланы түгелді қабылдау», «Сіздің балаңыздың құқы», «Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнама сонымен қатар ата-ана сұранысы бойынша ақыл кеңестер, «Мектепке психологиялық дайындық» ақыл-кеңестер өткізілді.

Зорлық-зомымбылыққа қарсымыз психологиялық тренинг педагогтармен өткізілді. Сонымен қатар облыстық семинар мен қалалық семинарларды тренинг өткізілді.

Педагогтармен жүргізілген жұмыстар бойынша «Жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан кеңес беру»; «менің көңіл-күйім», «иә-жоқ», «тренинг», «өзін-өзі реттеуді құру, өз-өзіне сенімділікті өлшеу» психологиялық тренингтер және осы тақырыпта педагогикалық кеңесте баяндама оқыдым. Педагогтерге сұраныс бойынша кеңестер берілді. «тәрбиеші мамандарға арналған сауалнама».

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Ұ.І.Ә-не қатысып, бақылап өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалды.

Яғни тәрбиешілерді бақылау барысында балаларға деген дөрекілік немесе нашар қарым-қатынас байқалмады.

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады деп ойлаймын: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен тығыз байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

***Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:***

1. Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру;
2. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру;
3. Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жоғарлату;
4. Психолог кабинетін жабдықтау.
5. Жобалар бойынша жетілдіріп, толықтырып, жалғастыру.

Педагог-психолог: *Имангалиева К.Н.*